

Педагог-психологтың мақсаты: Балабақша психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында арнайы жағдайда қалыптастыра отырып, баланың психологиялық даму жақсарту мақсатындағы міндеті- балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, балаларды индивидуалды және жастық ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу, педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

Педагог психологтың міндеті:

1. Балабақшадағы әрбір баланың денсаулығы мен дамуы және қалыпты жағдайын қадағалау.
2. Топта және балабақша тәрбиеленушілерінің жақсы қарым-қатынаста болуына, сыпайы, мейірімділік, ақкөңіл болып өсуіне себепші болуы.
3. Педагогтар мен ата-аналарға шығармашылық және де басқада сұрақтарына кеңес беру.

Оқу тәрбие үрдісіндегі баланың даму процестерін жасына сай дайын болуын қамтамасыз ету.

Психологиялық бағыт: - психодиагностикалық -түзету-дамыту - ақыл-кеңестік - ағартушылық - профилактикалық

Журнал: -дамытушылық журнал- түзету журналы - ақыл-кеңестік журналы

Балалармен жұмыс – Кіші топ балаларымен Су-джок доптары мен Фребель сыйын пайдаланып жеке жұмыстар жүргізілді. Quiver 3D” инновациялық технологиялысымен жұмыс. Quiver - бұл балаға арналған түрлі тақырыптардағы дағдылар мен білімдерді дамытудың тамаша құралы. Суреттерді бояу ешқашан соншалықты қызықты болған емес! Quiver қосымшасы қазіргі заманғы жетілдірілген виртуальды шындық технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді. “Bilim Kids” білім платформасын пайдаланып, көрнекілік жасап қызықты өткізілген жаттығу. №2 педкеңеске арналған ашық қарау: “Түрлі түсті саяхат” Қорытынды ашық қарау : “Көктемгі баққа серуен”

Балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- балалармен танысып топ тізімін дайындау - жылдың басында және жылдың аяғында зертеу жұмыстар жүргізу - сенсомоторлық карта өткізу - балабақша балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -Ұ.О.І.Ә-не қатысу топтың ауа райын бақылау- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап) -жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу

Ата-аналармен жұмыс - «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру-«Бала балабақшаға бейімделуі» кеңестер беру. Жыл бойына балалармен жүргізілетін жұмыстармен танысытырып, кеңестер айтып, сауалнамалар жүргізу. Ата-аналар жиналысында кеңес оқылып, тренингтер жүргізу.

Педагогтармен жұмыс - психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру - «жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру. Тәрбиешілердің Ұ.О.І.Ә-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау-жылдың аяғында топтың «даму деңгейін»анықтау -оқу жылдың аяғында «тәрбиешілердің білім деңгейін анықтау» тест -педагогикалық кеңесте отырыста балалармен жүргізілген психологиялық зертеу жұмыстармен педагогтарға жыл бойы таныстырып отыру -ата-аналардан алынған сауалнаманың қорытындысымен таныстыру -психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.

Жылдық есеп. Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

2022-2023 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді. Қазан айынан бастап 6 топпен жұмыс жасадым, оның ішінде зертеу жұмыстар жоғарғы 4 топпен (3,4,5 жас аралығындағы балалармен) жұмыс жасадым. Жылдық жоспар, айлық жоспар құрдым. Қазан айында балалармен бейімделу кезеңнен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Балалармен танысып топ тізімін дайындадым. Психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқу жылдың басында қазан қараша айларында және оқу жылдың аяғында наурыз сәуір айларында балалармен зертеу жұмыстары жүргізіліп, таным процесстерін анықталып мониторингі

шығарылды. Жоғарғы топтың балалардың ойлау қабілеттері жылдың аяғында «жоғары» екені анықталды.

2022-2023 оқу жылдарында «**Таңқурай**» аралас тобында мынандай жұмыстар жүргізілді: Бейімделу парағы толтырылып және де осы бағытта ойындар, тренингтер жүргізілді. Бұл топта балабақшаға бейімделу процесінде жүргізілген сараптама бойынша: 4бала орташа, 2бала ауыр кезеңде өтті. Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-, Т-100. Жылдың аяғында: Ж-61, О-30, Т-9. Көрсеткіштер көрсетті.

Бұл топтағы ата-аналармен мынандай жұмыстар жүргізілді: Баланың бейімделуіне байланысты кеңестер берілді. Ата-аналар бұрышына қабырға анықтамалар ілінді. Кеңестер: «Мектепке дейінгі ұйымға баланың бейімделуіне көмектесу», «Балалық қорқыныш туралы не білеміз?» , «Егер де бала өзінен өзі ашуды шығарса, не істеуіміз керек?».

2022-2023 оқу жылдарында «**Клюква**» аралас мынандай жұмыстар жүргізілді: Бейімделу парағы толтырылып және де осы бағытта ойындар, тренингтер жүргізілді. Бұл топта балабақшаға бейімделу процесінде жүргізілген сараптама бойынша: 4бала орташа, 1бала ауыр кезеңде өтті. Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-0, Т-100. Жылдың аяғында: Ж-65, О-34, Т-0. Көрсеткіштер көрсетті.

Бұл топтағы жүргізілген жеке жұмыстарым: Рамазан бейімделу кезеңі ауыр түрде өткізді. Жеке жұмыстана келе мынандай психологиялық мінез берер едім: Бала балабақшаға келгенде өзіне көп көңіл аударғаның қалайды. Ата-анасының өтініші бойынша бұл баламен бір жұмалық психологиялық әңгіме жүргізіп, жұмыстандым. Порошин Артеммен сөйлеуі анық болмағандықтан бұл баламен жеке жұмыстар жүргізілді.

Бұл топтағы ата-аналармен жұмыс: Баланың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер, қабырға ақпараттары ілінді. Жылдың ортасы мен аяғындағы ата-аналар жиналысында ойындар, тренингтер жүргізілді. Мадиярдың анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, мынандай кеңестер берілді: баласын танертенгі балабақшаға келе жатқанда тәрбиеші, балабақша туралы жақсы жағынан әңгіме айтып келу. Ата-аналарға мынандай кеңестер дайындалды: «Мектепке дейінгі ұйымға баланың бейімделуіне көмектесу», «Баламен қалай дұрыс араласуға болады?, «Бала неге тістейді?»

2022-2023 оқу жылдарында «**Калинка**» аралас тобында мынандай жұмыстар жүргізілді: Бейімделу парағы толтырылып және де осы бағытта ойындар, тренингтер жүргізілді. Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-22, Т-78. Жылдың аяғында: Ж-67, О-31, Т-2. Көрсеткіштер көрсетті.

Бұл топтағы жүргізілген жеке жұмыстарым: Ниталиева Томирис: кейбір сөздерге тілі келмейтініне байланысты ата-анасының қалауы бойынша Логопедтең кеңес алған болатын. Кейін онымен жеке жұмыстанғанда мынандай психологиялық мінез берер едім: ол тобындағы балалардан ешқандайда айырмашылығы жоқ, бәрін біледі және де дұрыс сөйлей алмасада, ыммен түсіндіріп береді. Кинженова Ариана бейімделу кезеңінен орташа деңгей көрсетті. Жеке жұмыстар жүргізіліп, ата-анасына кеңестер берілді.

Бұл топтағы ата-аналармен жұмыс: Баланың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер, қабырға ақпараттары ілінді. Жылдың ортасы мен аяғындағы ата-аналар жиналысында ойындар, тренингтер жүргізілді. Ата-аналарға мынандай кеңестер дайындалды: «Мектепке дейінгі ұйымға баланың бейімделуіне көмектесу», «Балалық қорқыныш туралы не білеміз?», «Егер де бала өзінен өзі ашуды шығарса, не істеуіміз керек?».

2022-2023 оқу жылдарында «**Шие**» аралас тобында мынандай жұмыстар жүргізілді: Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-18, Т-82. Жылдың аяғында: Ж-72, О-28, Т-0. Көрсеткіштер көрсетті. Бұл топтағы балардың психологиялық дамуы орташа деңгейде деп айта алам.

Бұл топтағы жүргізілген жеке жұмыстарым: Амир- ПМПК қорытындысымен балабақшаға желтоқсан айында келді. Диагнозы бойынша Амирге жеке жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді. Ата-анасына үй жағдайында баламен қалай жұмыстану керектігі жөнінде бірнеше кеңестер берілді.

Бұл топтағы ата-аналармен жұмыс: ата-аналарға арналған қабырға ақпараттары мен мектепке дайындық туралы кеңестер дайындалған болатын. Ата-аналар жиналысында ойындар, тренингтер өткізілді. Кеңестер: «Егер де бала өзінен өзі ашуды шығарса не істеуіміз керек?», «Баланың өз қызметін жоспарлауына қалай көмектесу керек?», Балаға қашан және қалай көмектесуге болады? Баланың жағымды өзіндік бағасын қалай ұстап тұруға болады?

2022-2023 оқу жылдарында «Смородинка» аралас тобында мынандай жұмыстар жүргізілді: Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-60, Т-40. Жылдың аяғында: Ж-100, О-0, Т-0. Көрсеткіштер көрсетті. Бұл топтағы балардың психологиялық дамуы жоғары деңгейде деп айта алам. Балалармен мектепке дайындықтары туралы әңгіме жүргізіліп, олардың қаншалықты қызығушылықатырен дайындалып жүргенің білдім. Оның қортындысы: балалар мектепке баратындығына өте қуанышты екендерін жасырмады.

Бұл топтағы жүргізілген жеке жұмыстарым: Смагин Вадим балабақшаға келгеннен саусағын аузына салып жүретін. Баламен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мінезінде қояншықтық басымда, назары орташа деңгейде болғандықтан, жеке жұмыстар жүргізіліді.

Бұл топтағы ата-аналармен жұмыс: ата-аналарға арналған қабырға ақпараттары мен мектепке дайындық туралы кеңестер дайындалған болатын. Ата-аналар жиналысында ойындар, тренингтер өткізлді. Кеңестер: «Егер де бала өзінен өзі ашуды шығарса не істеуіміз керек?», «Бала неге тістейді? «Балалық қорқыныш туралы не білуіміз керек». «Ересек топ балаларның мектепке психофизикалық дайындығы».

2022-2023 оқу жылдарында «Құлпынай» аралас тобында мынандай жұмыстар жүргізілді: Баланың психологиялық даму мониторингісі толтырылып, оның нәтижесі мынандай: Жылдың басы: Ж-0, О-66, Т-34. Жылдың аяғында: Ж-100, О-0, Т-0. Көрсеткіштер көрсетті. Бұл топтағы балардың психологиялық дамуы жоғары деңгейде деп айта алам. Балалармен мектепке дайындықтары туралы әңгіме жүргізіліп, олардың қаншалықты қызығушылықатырен дайындалып жүргенің білдім. Оның қортындысы: балалар мектепке баратындығына өте қуанышты екендерін жасырмады.

Бұл топтағы жүргізілген жеке жұмыстарым: Шакеева Аделя- ПМПК қорытындысына сай жеке түзете-дамыту бағдарламасы құрылып, жеке жұмыс жүргізілді.

Бұл топтағы ата-аналармен жұмыс: ата-аналарға арналған қабырға ақпараттары мен мектепке дайындық туралы кеңестер дайындалған болатын. Ата-аналар жиналысында ойындар, тренингтер өткізлді. Кеңестер: «Егер де бала өзінен өзі ашуды шығарса не істеуіміз керек?», «Бала неге тістейді? «Балалық қорқыныш туралы не білуіміз керек». «Ересек топ балаларның мектепке психофизикалық дайындығы».

Жылдың басындағы құрылған жоспар бойынша балабақша педагогтарымен мынандай кеңестер, ойындар, тренингтер жүргізілді. Олар: « Мұғалімнің педагогтық әдебі мен мәдениеті», «Балабақша тобындағы балалардың эмоционалды саулығы», « Эмоция әлемі» тақырыптарында, кеңестер мен тренингтер өткізілді.

Осы оқу жылында ата –аналармен бірнеше семинарлар, дөңгелек үстелдер, кеңестер берілген болатын. «Бала жанының әдемілігін түсін, Ана!», «Бала тәрбиесі баршаға ортақ және баланы мектепке қалай дайындау керек?» «Бала тәрбиесіне қатысты 14 кеңес», «Баланы қалай тәрбиелеуге болады?». Қашықтықтаң оқыту кезінде ата-аналарға бірнеше кеңестер, балалармен қашықтықтан оқыту ұсынылып, интернет желісінде жарияланды. Өзін-өзі тану оңкүндігі жоспарына сай өткізілген “Жүректен жүрекке” атты тілек жәшігі ата-аналарға ұсынылды. Мақсаты: ата-аналар мен бөбекжай арасындағы қарым-қатынас нығайту.

Жылдық жоспарға сай «Әкелер клубы» жобасына сай қашықтықтан жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Әкелер клубы жоспары бойынша өткізілген ертеңгілік жаттығу: «Әкемдей мықты боламын». Мақсаты: *Ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың отбасылық тәрбие туралы білімдерін кеңейту, тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау. Әкелер клубы жоспары бойынша өткізілген әкелермен бірге еңбекке баулу жұмыстары: “Сегіз қырлы бір сырлы” Мақсаты: баламен бірге жұмыстана отырып, еңбекке баулу.* Әкелер клубы жоспары бойынша : «Менің әкем ең күшті» Мақсаты: *әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.*

2020-2021 оқу жылында аудандық марапаттармен толықтырылды. Республикалық журналдарға бірнеше мақала жарияланып, сертификаттармен толықтырылды. “Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Бөрлі аудандық кәсіподақ ұйымы. Алғыс хат

Ұстаздар күніне орай білім саласындағы адал еңбегі мен сапалы білім берудегі жетістіктері және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін алғыс білдіреміз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасы амандығын тілейміз! Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының білім беру бөлімі”

Аудандық білім жүйесіндегі педагогикалық шеберлігі, шығармашылық ізденісі және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін Құрмет грамотасымен марапатталады.

«Тәуелсіздік- Мәңгілік елдің тұғыры» атты республикалық байқауына қашықтықтан қатысып, үздік шығармашылық жұмысымен озат табысқа жеткені үшін Величко Роман, жетекшісі: Ескалиева Гулжазира Сериковна I дәрежелі Дипломмен марапатталады.

«БҚО Бөрлі ауданының үздік ұстаздар Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Шығармашылық идеялар жәрмеңкесі» фестиваліне «Әдістемелік жобалар жинағы» бағыты бойынша қатысып кәсіби бағыты бойынша қатысып кәсіби шеберлігімен бөліскені үшін III дәрежелі Дипломмен марапатталады.

ZHARQYN BOLASHAQ Республикалық ғылыми-әдістемелік журанлына мақала жариялағаны үшін Сертификатпен марапатталады.

Республикалық ғылым мен білімді қолдау «Тіл, өнер & білім» орталығының ұйымдастыруымен жарияланған «Қазақ елі-мәңгілік ел» атты республикалық ғылыми-әдістемелік жинағына өз еңбегін жариялап, білім беру саласына үлесін қосқаны үшін Алғыс хат берілді.

“Рухани жаңғыру” ақпараттық-сараптамалық орталығының білім беру саласы қызметкерлері арасында өткізген байқауларына белсенді атсалысып, өзінің кәсіби шеберлігі, тұлғалық ерекшеліктері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін танытқаны үшін “Шығармашылық ұстаз” арнайы номинациясымен марапатталады.

2022-2023 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Негізінен қиындықтар ата-аналармен жұмыс барысында туындады. Себебі, өзіндік көзқарасымен, жеке ойлауымен табандылық көрсететін ересек тұлғалардың қандай да бір мәселеге көзін жеткізу қиын болып келеді. Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды: 1. Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру; 2. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру; 3. Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жоғарлату; 4. Психолог кабинетін толық жабдықта

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру
бөлімнің Аксай қаласының №1 бөбекжайы.» МКҚК

**Педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмысының
есебі.**

Педагог психолог:
Ескалиева. Г.С

2023ж